

**«Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ»
Халықаралық стипендиасы стипендиаттарының
қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі**

**2010 ЖЫЛҒЫ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫ
ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| Көрсеткіш атауы | мың теңге 2010 жыл |
|--|----------------------------------|
| КІРІСТЕР | |
| I. Коммерциялық емес қызметінен | |
| Мүшелік жарналар | 1 009 |
| Мемлекеттік тапсырысты іске асыру жөніндегі қызметтер | 38 950 |
| Қайырымдылық жарналары | 2 949 |
| Коммерциялық емес қызметінен түскен барлығы | 42 908 |
| II. Коммерциялық қызметтен | |
| Кәсіпкерлік қызмет | 0 |
| Коммерциялық қызметтен түскен барлығы | 0 |
| Кірістердің барлығы | 42 908 |
| | |
| ШЫҒЫСТАР | |
| Еңбекке ақы төлеу және әлеуметтік төлемдер шығыстары | 10 502 |
| Негізгі құралдарды (НҚ) және материалдық емес активтерді (МЕА) ұстау және қызмет көрсетуге арналған шығыстар | 571 |
| Банк қызметтеріне арналған шығыстар | 271 |
| Көлік шығыстары | 917 |
| Байланыс қызметтеріне арналған шығыстар | 3 |
| Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер | 624 |
| Әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорына (ӘСМҚ) әлеуметтік аударымдар | 426 |
| Сақтандыруға арналған шығыстар | 6 |
| Іссапарлық шығыстар | 2 407 |
| Іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу | 24 379 |
| Қайырымдылық көмегі | 344 |
| Нотариаттық қызметтері, кеңсе тауарлары, жалдау ақысы төлемдеріне арналған шығыстар, мерзімдік басылымдарға жазылу, әдістемелік оқу құралдарын сатып алу және өзге де шығыстар | 1 500 |
| Шығыстардың барлығы | 41 950 |

«Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиасы стипендиаттарының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің 2010 жылғы кірістері мен шығыстары туралы есебіне түсіндірме жазба

«Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиасы стипендиаттарының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі өз қызметін «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, ҚР басқа да нормативтік актілеріне, сондай-ақ Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Қауымдастық олардың ҚР заңнамасына қайшы келмейтін ортақ міндеттеріне қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының азаматтарын – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 5.11.1993ж. № 1394 қаулысымен құрылған ҚР Президентінің «Болашақ» Халықаралық Стипендиасы бойынша оқып жатқандар (стипендиаттарын) мен түлектерін және ҚР басқа да азаматтарын ерікті негізде біріктіретін ұйым болып табылады.

Қауымдастықтың орналасқан жері. Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Д.Конаев көшесі, 12/1.

Есепті түзу әдісі. Қауымдастықтың кірістері мен шығыстары туралы есебі коммерциялық емес ұйымдарға арналған салықтық есептілігі нысаны бойынша есепке алынуын есептеу әдісі бойынша түзілген (№ 130 нысан).

I. 2010 жылғы кірістері

Қауымдастық коммерциялық емес ұйым болып табылады және алдына табыс табуды басты мақсаты ретінде қоймайды. Қауымдастықтың барлық қаржылай қаражаты, соның ішінде, кәсіпкерлік қызметтен алынған, Қауымдастықтың жарғылық мақсаттары мен міндеттерін орындауға жұмсалады.

Қауымдастықтың табысы өтеусіз қайырымдылық көмек, демеушілік көмек, мүшелік жарналары, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер және басқа да түсімдер болып табылады.

2010 жылы «Болашақ» қауымдастығы 42 908 мың теңге сомасында табыс алды, соның ішінде:

- мүшелік жарналар;
- мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру жөніндегі қызметтер көрсетуден түскен табыстар;
- қайырымдылық жарналары.

1. Мүшелік жарналардан түскен табыстар 2010 жылы 1 009 мың теңгені құрады.

2. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру жөніндегі қызметтер көрсетуден алынған табыстар 38 950 мың теңгені құрады.

3. Қайырымдылық жарналарынан түскен табыстар 2 949 мың теңгені құрады. Заңнамаға, сондай-ақ Қауымдастықтың Жарғысына сәйкес, ерікті салымдар мен қайырымдылық көмектері заңды тұлғалардан және жеке тұлғалардан – Қауымдастық мүшелерінен қабылданады.

II. 2010 жылғы шығыстар

Қауымдастықтың шығыстары 2010 жылы 41 950 мың теңгені құрады.

1. Еңбекке ақы төлеу жөніндегі шығыстары 10 502 мың теңгені құрады, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша шартты іске асыру шеңберінде 10 064 мың теңге, өз қаражаты есебінен - 438 мың теңге.

2. Негізгі құралдарды (НҚ) және материалдық емес активтерді (МЕА) ұстау және қызмет көрсетуге арналған шығыстар 571 мың теңгені құрады. Аталған бапқа негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациясына және ұйымдық техникаға қызмет көрсетуге байланысты шығыстар кіреді.

3. Банк қызметтеріне арналған шығыстар 271 мың теңгені құрады, оның 200 мың теңгесі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша, 71 мың теңге – өз қаражаты есебінен.

4. Көлік шығыстары 917 мың теңгені құрады. Аталған бапқа қызметтер көрсету уақытына автокөлікті жалдауға байланысты шығыстар кіреді, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша – 802 мың теңге, өз қаражаты есебінен – 115 мың теңге.

5. Байланыс қызметтеріне арналған шығыстар 6 мың теңге мөлшерінде өз қаражаты есебінен қызметтер көрсету үшін Интернет, жергілікті және қалааралық байланыс қызметтеріне арналған шығындардан тұрады.

6. Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер 624 мың теңгені құрады, соның ішінде:

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша - 600 мың теңге:

- әлеуметтік салық – 550 мың теңге,

- табыстардан бейрезидент үшін төлем көзіне салынатын жеке табыс салығы – 50 мың теңге;

өз қаражаты есебінен– 24 мың теңге:

- әлеуметтік салық – 22 мың теңге,

- қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем – 2 мың теңге.

7. Әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорына (ӘСМҚ) әлеуметтік аударымдар 426 мың теңгені құрады, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша шарттарды іске асыру шеңберінде – 411 мың теңге, өз қаражаты есебінен – 15 мың теңге.

8. Иссапарлық шығыстар 2 407 мың теңгені құрады. Аталған бапта мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша Қауымдастық қызметкерлерінің жол жүрулеріне, тәуліктіктеріне және тұруларына арналған шығыстар көрініс тапқан.

9. Іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге арналған шығыстар 24 379 мың теңгені құрады. Аталған бапта мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты, сондай-ақ Қауымдастықтың жобаларын іске асыру шеңберіндегі іс-шаралар өткізуге арналған шығыстар көрініс тапқан, оның ішінде 23 668 мың теңге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша, 711 мың теңге өз қаражаты есебінен.

10. Қайырымдылық көмек 344 мың теңгені құрады. Қайырымдылық көмегі Қауымдастықтың өз қаражаты есебінен балалар үйіне көрсетілді.

11. Нотариаттық қызметтері, кеңсе тауарлары, жалдау ақысы төлемдеріне арналған шығыстар, мерзімдік басылымдарға жазылу, әдістемелік оқу құралдарын сатып алу және өзге де шығыстар 1 500 мың теңге сомасында қалыптасты. Оның ішінде:

- нотариаттық қызметтерге арналған шығыстар – 11 мың теңге, соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша – 5 мың теңге, өз қаражаты есебінен – 65 мың теңге;

- кеңсе шығыстары – 841 мың теңге, соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша – 766 мың теңге, өз қаражаты есебінен - 75 мың теңге;

- орын-жайды жалға алу төлеміне арналған шығыстар – 12 мың теңге, соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша – 7 мың теңге, өз қаражаты есебінен – 5 мың теңге;

- әдістемелік оқу құралдарын сатып алу, мерзімдік басылымдарға жазылу – 345 мың теңге, соның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша – 289 мың теңге, өз қаражаты есебінен – 56 мың теңге;

- спутниктік телевидения қызметтері үшін абоненттік төлемақы (Алма ТВ) – 10 мың теңге,
- 1С: Бухгалтерия сүйемелдеу – 120 мың теңге;
- тұрақ орынын жалдауға арналған шығыстар – 38 мың теңге;
- өзге де үстеме шығыстар – 96 мың теңге.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін көрсету жөніндегі шартты іске асыру шеңберіндегі барлық шығыстар 39 219 мың теңгені құрады, оның 269 мың теңгесі – өз қаражаты есебінен.